



ТОРҒАЙ

ТЫНЫСЫ

Жангелдин аудандық апталық газеті 1928 жылдан бері шыға бастады

@torgay_tynysy@mail.ru

БӘРЕКЕЛДІ



Өнер мектебінің өнерлі өрендері

Өнер – ұлт руханиятының алтын арқауы, ұрпақтың талғамы мен тәрбиесін қалыптастыратын ұлы күш. Осы тұрғыда жас таланттардың жарқырап көрінуіне жол ашатын байқаулардың маңызы зор. Жуырда өткен облыстық «Армандастар» байқауы да сондай тағылымды додалардың бірі болды. Аталған өнер сайысында би бөлімінен Болат Хамзин атындағы өнер мектебінің «Нұр-шуақ» ансамблі жүлделі I орынды жеңіп алып, аудан абыройын асқақтатты. Бұл – тек жеңіс қана емес, жас өнерпаздардың

табандылығы мен ұстаз еңбегінің жемісі. Байқаудың ең ерекше қыры – «Нұр-шуақ» ансамблінің бұл додаға алғаш рет қатысуы. Соған қарамастан, өнер ұжымы сахнада өздерін сенімді ұстап, би мәдениетінің биік деңгейін көрсете білді. Әр қимыл, әр ырғақ көрермен көңілінен шығып, қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды. Бұл – ұжымның кәсіби шеберлігі мен шығармашылық ізденісінің айқын дәлелі.

Жас бишілердің жетістігінің артында білікті жетекші, талантты ұстаз Сымбат

Таңатқанқызының қажырлы еңбегі жатыр. Ұстаздың бағыт-бағдары мен шәкірттеріне деген сенімі – осындай биік белестерге жетелейтін басты күш. Өнерге қанат қаққан «Нұр-шуақ» ансамблінің бұл жеңісі – тек бүгінгі жетістік емес, болашақтағы жарқын жолдың бастауы. Алдағы уақытта да талай сахнаны бағындырып, ұлттық би өнерінің дамуына өзіндік үлес қосары сөзсіз.

Жеңіс құтты болсын! Жас өнерпаздарға шығармашылық шабыт, талай табыс, жаңа белестер тілейміз!

Арманға бастар жетістік

Адам өміріндегі ең үлкен жетістіктердің бастауы – жүрек қалауына адал болу. Өз арманын айқын мақсатқа айналдырып, соған жету жолында табандылық танытқан жан ғана биік белестерді бағындыра алады. Осындай қайсар мінезі мен шығармашылыққа деген шынайы сүйіспеншілігі арқылы дараланып жүрген жас таланттардың бірі Әмірхан Бекзат Дастанұлы.

2024 жылы қабылдау комиссиясы

кезеңінде Қостанай жоғары автомобиль көлігі колледжін тәмамдап келген жас талапкер Бекзат алғаш күннен-ақ өзінің актерлік өнерге деген ерекше қызығушылығын білдірді. Университет тарапынан оған «Машина жасау» саласындағы түрлі мамандықтардың артықшылықтары мен мүмкіндіктері жан-жақты түсіндіріліп, бірнеше бағыт ұсынылғанымен, ол жүрек түкпіріндегі арманы – сахна өнерінен бас тартпады. Бұл – оның болашаққа деген сенімі мен таңдауының беріктігін айқын аңғартты. Арманға адалдық танытқан Бекзат «6В11104 – Актерлік шеберлік және театрландырылған қойылымдарды ұйымдастыру» білім беру бағдарламасына қайтадан 1-курсқа қабылданып, жаңа белеске батыл қадам жасады. Бүгінде үшінші курс студенті атанған



ол шығармашылық жолында өз орнын табуға ұмтылып, үздіксіз ізденіс пен еңбектің үлгісін көрсетіп келеді.

Жуырда облыстық Қуыршақ театрында сахналанған «Көксерек» спектаклінде басты рөлді сомдауы – оның таланты мен еңбегінің жарқын жемісі. Көрермен көңілінен шыққан бұл бейне арқылы Бекзат өз таңдауының дұрыс екенін дәлелдеп қана қоймай, өнер жолында табандылық пен қажыр-қайраттың маңызы зор екенін айқындады. Сахнадағы сенімді қадамы мен образды шынайы жеткізе білуі жас актердің кәсіби деңгейінің өсіп келе жатқанын көрсетті. Бұл жетістік – тек жеке еңбектің ғана емес, сонымен қатар университеттің профессор-оқытушылар құрамының жүйелі қолдауы мен шығармашылық бағыт-бағдарының нәтижесі. Ұстаздар тәлімі мен таланттың үйлесімі жас маманның қалыптасуына зор ықпал етуде.

Бүгінгі күні Бекзат Әмірхан – өз арманына адалдықтың, табандылықтың және тынымсыз еңбектің нақты үлгісі. Оның жетістігі – өз жолын табуға ұмтылған жас буынға үлгі өнеге. Арманына адал жастар көбейіп, еліміздің өнері өркендей берсін!

Гүлдана СӘРСЕНГЕЛДИНА
Б. Хамзин атындағы өнер мектебінің
мұғалімі

КЕЛІН КЕЛБЕТІ – ҰЛТ АЙНАСЫ



НАУРЫЗ НҰРЫ ҚЫЗБЕЛДЕ



БЕРЕКЕ МЕН БІРЛІКТІң БАСТАУЫ



БАЙҚАУ

Келін келбеті – ұлт айнасы

Аудандық мәдениет үйінде ұйымдастырылған «Пай-пай, келіндер-ай» атты келіндер байқауы ұлттық салт-дәстүрді дәріптеп, жас келіндердің бойындағы ибалық пен өнерді көпшілікке танытуды мақсат еткен тағылымды шаралардың бірі ретінде көпшілік назарын аударды. Қазақ қоғамында келіннің орны қашанда ерекше. Оның жүріс-тұрысы, сөзі мен ісі – тұтас әулеттің ғана емес, бүтін бір ұлттың тәрбиелік келбетін айшықтайды. Осы тұрғыдан алғанда, мұндай байқаулардың мәні мен маңызы өте зор.

Аталған байқауға барлығы 12 үміткер қатысып, өзара бақ сынады. Сайыс бірнеше кезеңнен тұрды. Қатысушылар өздерін таныстыру, ұлттық дәстүрлерді дәріптеу, өнер көрсету, тағам әзірлеу секілді бөлімдер бойынша сынға түсті. Әр кезеңде келіндердің жан-жақтылығы, іскерлігі, тапқырлығы мен сахна мәдениеті бағалануы тиіс еді. Алайда байқаудың өту барысы көпшілік күткендей жоғары деңгейде болды деп

айту қиын. Қатысушылардың басым бөлігінің дайындығы көңіл көншітпеді. Сахнада өз ойын еркін жеткізе алмау, сөз саптаудағы олқылықтар, ұлттық дәстүрлерді толық меңгермеу секілді кемшіліктер байқалды. Кейбір үміткерлердің өнер көрсетуі үстірт сипатта қалып, көрерменнің көңілінен шықпады. Бұл, ең алдымен, қатысушылардың байқауға жеткілікті деңгейде дайындалмағанын аңғартса керек. Қазылар алқасы да қатысушыларға бірқатар ескертулер жасап отырды. Олар әр кезеңнен талаптарына сай келмеген тұстарды атап өтіп, әділ бағалауға тырысқанымен, жалпы бағалау үдерісіне қатысты көрермендер арасында түрлі пікірлер туындады. Кейбір қатысушылардың өнері өз деңгейінде бағаланбады деген көзқарас та айтылды. Бұл жайт байқаудың ашықтығы мен әділдігіне қатысты сауалдардың туындауына себеп болды.

Жалпы, мұндай мәдени іс-шаралар тек жарыс

алаңы ғана емес, сонымен қатар тәрбие мен тағылым ордасы болуы тиіс. Әсіресе келіндер сайысы – ұлттық құндылықтарды насихаттайтын, отбасы институтының маңызын дәріптейтін маңызды алаң. Сондықтан да ұйымдастырушылар тарапынан қатысушыларды алдын ала іріктеу, дайындық жұмыстарын жүйелі жүргізу, талаптарды нақтылау мәселелеріне айрықша көңіл бөлінуі қажет. Сонымен қатар қазылар алқасының құрамы да әділдік пен кәсібиліктің үлгісін көрсетуі тиіс. Бағалау кезінде ашықтық сақталып, әр қатысушының еңбегі лайықты деңгейде сараланса, байқауға деген сенім арта түсері анық. Көрермен үшін де әділдік – ең басты өлшем. Өнер додасының шынайы бағалануы ғана оның беделін көтереді.

Қазылар алқасының ұйғарымымен бас жүлдені Сарысу ауылының ибалы келіні Айгүл Ғанимақызы жеңіп алды. Бірінші орынды білім



бөлімінің атынан шыққан айнұр бақытбекқызы иеленді. Екінші орынды Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектебінің ұстазы Шынар Қайыржанқызы иемденді. Үшінші орын сужарғандық өнерлі келін Бекзат Кенбейлованың еншісіне бұйырды. Қалған қатысушылар өздеріне тиесілі номинацияларды қанағат тұтты. Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жанар Асанханқызы барлық жеңімпаздарды алғыс

хаттармен марапаттап, ақшалай сыйлықтар табыстады.

«Пай-пай, келіндер-ай» сайысы бір жағынан ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған игі бастама болды. Алдағы уақытта осындай байқаулардың мазмұны байып, деңгейі жоғарылап, шынайы өнер мен өнегенің мерекесіне айналарына сенім мол.

Байбатыр АХМЕТБЕК

РУХАНИЯТ ЖӘНЕ ӨНЕР

Сахна төрінде Самғаған таланттар



Облыстық «Армандастар» шығармашылық байқауы биыл да жас таланттардың қанатын қатайтып, өнердің әр саласында үздіктерді айқындаған тағылымды алаңға айналды. Дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан бұл байқау – дарынды жастардың шығармашылық әлеуетін арттырып, олардың сахналық шеберлігін шыңдауға жол ашатын маңызды мәдени шара.

Аталған байқауда Болат Хамзин атындағы өнер мектебінің «Самғау» театр ұжымы көрермен мен қазылар алқасының жоғары бағасына ие болып, жүлделі II орынды жеңіп алды. Бұл – ұжымның тынымсыз еңбегі мен өнерге деген адалдығының айқын көрінісі. Театр сахнасында ұсынылған қойылым терең мазмұнды, тағылымы мол туынды ретінде көпшіліктің жүрегінен орын тапты. Әр кейіпкердің жан дүниесін шынайы жеткізе білген жас әртістер өздерінің кәсіби деңгейін айқын танытты. Кейіпкерлер арасындағы үйлесім, сахналық мәдениет пен эмоциялық әсердің үйлесуі көрерменді бейжай қалдырмай, ерекше

ықыласқа бөледі.

Бұл жетістіктің түп-тамырында ұжым жетекшісі Алмас Нұрланұлының қажырлы еңбегі мен шығармашылық ізденісі жатыр. Ол тек жетекшілік етіп қана қоймай, «Тазалық сақшылары» атты қойылымның авторы әрі сахналық тұжырымдамасын жасаушы ретінде танылды. Аталған туынды Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бастамашы болған «Таза Қазақстан» акциясының мән-маңызын кеңінен насихаттауға бағытталған. Қоғамдық сананы жаңғыртуға үндейтін бұл қойылым көркемдік тұрғыдан да, идеялық мазмұны жағынан да жоғары деңгейде ұсынылды. «Самғау» театрының бұл жеңісі – жас өнерпаздардың талабын ұштап, олардың шығармашылыққа деген құлшынысын арттыра түсері сөзсіз. Сахна төрінде самғаған таланттардың алдағы уақытта да өнер көгінде биіктен көрініп, талай асуларды бағындыратыны белгілі.

Аяғөз ФАЗЫЛБЕКҚЫЗЫ

ҰЛТТЫҚ РУХ

Береке мен Бірліктің бастауы

Көктемнің шуағымен бірге жеткен өз-Наурыз – халқымыздың ең қасиетті де қастерлі мерекелерінің бірі. Табиғат түлеп, тіршілік жаңаратын бұл мезгіл – адамзатқа үміт пен жаңару сыйлайтын айрықша кезең. Биыл да Ұлыстың ұлы күні аудан тұрғындары үшін ерекше сән-салтанатымен, мазмұнды шараларымен есте қалды.

Мерекенің басты думаны аудан орталығындағы кең де көрікті алаңда өтті. Таң шапағымен бірге орталық алаңға ағылған жұртшылықтың қарасы қалың болды. Ұлттық киім киген тұрғындар мен қолөнер бұйымдарын ұсынған шеберлер алаңға ерекше көрік берді. Әсем безендірілген киіз үйлер тігіліп, қазақы нақыштағы көріністер мерекенің ажарын аша түсті.

Дала сахнасында ұйымдастырылған мерекелік бағдарлама көпшіліктің көңілінен шықты. Әуезді ән мен күмбірлеген күй бір-бірімен үйлесім

тауып, көрерменге ерекше әсер сыйлады. Өнерпаздар халық әндерін нақышына келтіре орындап, ұлттық би билеп, сахна төрін думанға бөледі. Әсіресе, жыр-термелер мен дәстүрлі әндер тыңдарманның жүрегіне жол тауып, ұлттық рухты асқақтатты. Мерекелік шара барысында сахна төріне Қыдыр ата мен Ұмай ана бейнесіндегі кейіпкерлер шығып, жұртшылыққа ақ батасын арнады. Береке мен ырыстың, жақсылық пен молшылықтың символы саналатын Қыдыр атаның ақ тілегі көпшіліктің көңілін көтеріп, ізгі ниетке бастады. Ал Ұмай ана аналық мейірім мен қамқорлықтың белгісіндей болып, елге амандық пен тыныштық тіледі. Бұл көрініс көрермендерге ерекше әсер қалдырып, Наурыздың терең мағыналы мазмұнын айқындай түсті.

Байбатыр АХМЕТБЕК
(Жалғасы 4 бетте)



«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН – ЖАСТАРДЫҢ КӨЗІМЕН»

Бүгінгі таңда қоршаған ортаны қорғау – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әсіресе, бұл бағытта жастардың рөлі айрықша. Себебі, ертеңгі ел тағдыры – бүгінгі жас буынның қолында. «Таза Қазақстан» бастамасы – экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, табиғатты аялауға және туған жерге деген жауапкершілікті арттыруға бағытталған маңызды қадам.

Жастардың көзқарасымен қарағанда, «Таза Қазақстан» – бұл жәй ғана сенбілік немесе тазалық акциясы емес. Бұл – өмір салты, ойлау жүйесі, азаматтық ұстаным. Қоршаған ортаның тазалығы – адамның денсаулығы мен өмір сапасының кепілі. Ауданымыздың, ауылымыздың көшелері таза болса, өзіміз де рухани серпіліс сезінеміз. Тазалық – мәдениеттің айнасы. Қазіргі таңда жастар экологиялық мәселелерге бейжай қарамайды. Әлеуметтік желілер арқылы ақпарат таратып, эко-челленджер ұйымдастырып, ағаш отырғызу, өзен-көлжағалауларын тазарту шараларына белсенді қатысып еледі. Бұл – олардың ел болашағына алаңдайтынын көрсетеді. Жастар үшін табиғатты қорғау – тренд емес, саналы таңдау. «Таза Қазақстан» аясында өткізілетін іс-шаралар өскелең ұрпақтың бойында жауапкершілік, ұжымшылдық және патриоттық сезімді қалыптастырады. Бірлескен еңбек адамдарды жақындастырып, ортақ



мақсатқа жұмылдырады. Әсіресе, ауылдық жерлерде мұндай астамалар қоғамның бірлігін нығайтуға оң әсерін тигізеді.

Жастардың ойынша, тазалық әр адамның өзінен басталуы керек. Қоқысты кез келген жерге тастамау, табиғатта демалғаннан кейін орынды таза қалдыру, пластик қалдықтарын азайту – қарапайым, бірақ маңызды қадамдар. Егер әр азамат осындай ұстанымды өмірлік қағидасына айналдырса, еліміздің экологиялық ахуалы айтарлықтай жақсарады.

«Таза Қазақстан» – бұл уақытша науқан емес, болашаққа бағытталған тұрақты құндылық. Жастар үшін ол – туған жерге деген сүйіспеншіліктің, азаматтық жауапкершіліктің және саналы қоғам алыптастырудың көрінісі. Таза ел – дені сау ұлттың кепілі. Ал дені сау, рухы мықты ұлт қана жарқын болашаққа қадам басады.

**Инабат ҚАНАТҚЫЗЫ,
Жас ерікті**

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қоғамдық талқылау туралы

«Жангелдин аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ, Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы 2026 жылғы 6 сәуірден бастап 5 жұмыс күні ішінде «Жангелдин аудандық балалар мектебі» КММ үшін «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» мемлекеттік экологиялық сараптама шеңберінде жария талқылау түрінде тыңдаулар өткізеді жасөспірімдер спорт мектебі, Қостанай облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы, Жангелдин ауданы, Торғай ауылы, Мұханбетжан Дүзенов көшесі, 6

Кәсіпорынның негізгі қызметі:

1. балалар мен жасөспірімдерді жүйелі түрде спортпен айналысуға тарту;
2. балалардың белгілі бір спорт түріне қабілеттілігін анықтау;
3. дене, моральдық ерік-жігер қасиеттерін тәрбиелеу;
4. жасөспірімдер мен жастар арасындағы жарыстарға қатысу үшін

Общественных обсуждений

КГУ «Джангельдинская районная детско-юношеская спортивная школа», Управления физической культуры и спорта акимата Костанайской области с 6 апреля 2026 года в течении 5 рабочих дней будет проводить слушания в форме публичных обсуждений в рамках государственной экологической экспертизы «Раздела охраны окружающей среды» для КГУ «Джангельдинская районная детско-юношеская спортивная школа», Управления физической культуры и спорта акимата Костанайской области в Костанайской области, Джангельдинском районе с. Торғай, ул. Муханбетжана Дүзенова, 6

Основной деятельностью предприятия является:

1. привлечение детей и юношей к систематическим занятиям спорта;
2. выявление способностей детей к определенному виду спорта;
3. воспитание физических, морально-волевых качеств;
4. подготовка спортивного резерва для участия в соревнованиях

спорт резервин даярлау.

Әсер ететін аумақ: Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай ауылы, Мұханбетжан Дүзенов көшесі, 6

Қостанай облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жангелдин аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ бастамашысы Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай ауылы, Мұханбетжан Дүзенов көшесі, 6

«Қостанай Экология» ЖК бөлімін әзірлеуші. Қостанай қ., Тәуелсіздік көш., 113, 34-пәтер.

Өзіңіздің ескертулеріңізді, ұсыныстарыңызды және жобалық құжаттамаларыңызды қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкінің (СОС және ПР ҰБК) сайтында көрсетуге болады <https://ndbecology.gov.kz/>. Қосымша ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: Тел: 8-777-3019416, swetaslaw@mail.ru

юношеского и молодежного возрастов.

Территория на которую оказывает воздействие: Костанайская область, Джангельдинский район с. Торғай, ул. Муханбетжана Дүзенова, 6
Инициатор КГУ «Джангельдинская районная детско-юношеская спортивная школа», Управления физической культуры и спорта акимата Костанайской области Юридический адрес: Республика Казахстан, Костанайская область, Джангельдинский район с. Торғай, ул. Муханбетжана Дүзенова, 6

Разработчик раздела ИП «Костанай Экология». г. Костанай, ул. Тәуелсіздік 113, кв 34.

Представить свои замечания, предложения и ознакомиться с проектной документацией можно на сайте национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (НБД СОС и ПР) <https://ndbecology.gov.kz/>. Дополнительную информацию можно получить по тел: Тел: 8-777-3019416, swetaslaw@mail.ru

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Наурыз – халқымыздың ең көне әрі ең қастерлі мерекелерінің бірі. Бұл – табиғаттың қайта түлеп, тіршілік атаулының жаңаратын, күн мен түн теңесіп, әлемге жылылық пен мейірім шуағын шашатын ерекше кезең. Ұлыстың ұлы күні – тек күнтізбедегі атаулы дата ғана емес, ол – ұлттың рухани болмысын айқындайтын, ізгілік пен татулықтың алтын арқауына айналған қасиетті мейрам.

Мәні терең мереке балабақшамызда да кеңінен аталып өтті. Ұйымдастырылған іс-шараның басты мақсаты – жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, салт-дәстүрге деген құрметін арттыру, халқымыздың бай мұрасын дәріптеу болды. Бұл бағытта атқарылған жұмыстар мазмұнды әрі тағылымға толы болды.

Мерекелік кеш барысында бүлдіршіндер қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерімен танысты. Сахналық қойылымдар арқылы шашу шашу, бата беру, тұсауқесу, қонақ күту, бесікке салу секілді ғұрыптар әсерлі түрде көрініс тапты. Әрбір көрініс балалардың танымын кеңейтіп қана қоймай, олардың ұлттық болмысқа деген қызығушылығын арттырды. Сонымен қатар, бүлдіршіндер ұлттық киім киіп, қазақтың әсем әндері мен мың бұралған билерін нақышына келтіре орындады. Олардың сахнадағы шынайы өнері көрермендердің ыстық

Жаңару мен ізгіліктің көрінісі



ықыласына бөленіп, мерекенің ажарын аша түсті. Әсіресе, «Гүлдер» ересек тобында өткен «Наурыз аруы» байқауы көптің көңілінен шықты. Байқауға қатысқан сегіз бүлдіршін өз өнерлерін ортаға салып, түрлі кезеңдер бойынша бақ сынады. Нәтижесінде, қатысушылар жүлделі орындарға ие болып, өздерінің өнері мен таланты арқылы көпшілікті тәнті етті.

Мерекенің ажырамас бөлігі – наурыз көже де назардан тыс қалмады. Тәрбиешілер балаларға бұл тағамның мән-маңызын түсіндіріп, оның жеті түрлі дәмнен дайындалатынын айтып берді. Бұл – молшылық пен ырыс-берекенің, татулық пен бірліктің нышаны екені ерекше атап өтілді. Іс-шара

аясында ұлттық ойындар да ұйымдастырылды. Балалар асық ату, арқан тарту, алтыбақан секілді ойындарға белсене қатысып, ата-бабамыздан қалған асыл мұрамен жақынырақ танысты. Мұндай ойындар бүлдіршіндердің ептілігі мен шапшаңдығын арттырып қана қоймай, олардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын оята түсті.

Ұлыстың ұлы күні әр шаңыраққа құт-береке, ырыс пен ынтымақ әкелсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, келешегіміз кемел болсын!

**Гүлім ТӘКІБАЕВА
«Балдырған» бөбекжай
бақшасының әдіскері**

ДӘСТҮР МЕН ДУМАН

Наурыз нұры ҚЫЗБЕЛДЕ

Көктемнің шуақты шуағын ала келген Ұлыстың ұлы күні – Әз Наурыз мейрамы Қызбел ауылдық округінде кең көлемде әрі жоғары деңгейде аталып өтті.

Жаңару мен жасампаздықтың жаршысы болған бұл мереке ауыл жұртшылығына ерекше қуаныш сыйлап, береке мен бірліктің айшықты көрінісіне айналды. Мерекелік думанға ауылдың үлкені мен кішісі түгел жиналып, ақсақалдар мен ақ жаулықты әжелер, жалынды жастар мен балғын бүлдіршіндер бір шаңырақ астына топтасқандай әсер қалдырды. Бұл – ата-бабадан жалғасқан салт-дәстүрімізді ұлықтап, ұлттық рухты жаңғыртқан тағылымды басқосу болды.

Мәдениет үйі ұлттық нақышта безендіріліп, қазақы болмыс пен тұрмыс көріністерін айшықтай түсті. Қонақтарға молшылық пен ырыстың нышаны саналатын наурыз көже мен түрлі ұлттық тағамдар ұсынылып, ақ дастарқан жайылды. Іс-шараның ашылу

салтанатында ауыл әкімі Қайсар Сұлтанбекұлы ауыл тұрғындарын Ұлыстың ұлы күнімен шын жүректен құттықтап, елдің амандығы мен бірлігін тілеген ақжарма лебізін жеткізді. Сонымен қатар, ауылдың дамуына үлес қосып жүрген азаматтар мен түрлі сала қызметкерлері алғыс хаттармен марапатталып, еңбектері еленді.

Мерекелік шара концерттік бағдарламаға ұласып, ауыл өнерпаздары ән мен күйдің әсем әуенін төгілті. Би биленіп, көркем қойылымдар қойылып, ұлттық салт-дәстүрлер кеңінен насихатталды. Әсіресе, жастарға өнеге боларлық сахналық көріністер көпшілік көңілінен шығып, тәрбиелік мәні зор әсер қалдырды. Орталық алаңда өткен спорттық ойындар да көпшіліктің қызығушылығын арттырды. Қазақша күрес, түйе палуан сайысы, арқан тартыс, асық ату секілді ұлттық ойындар ұйымдастырылып, қатысушылар өзара бақ сынасты. Әсіресе,

көше командалары арасындағы арқан тартыс тартысты өтіп, жанкүйерлердің делебесін қоздырды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер ақшалай сыйлықтармен және алғыс хаттармен марапатталды. Сонымен қатар, «Бұрымды қыз» және «Тәтті бауырсақ» сайыстары да мерекенің сәнін кіргізді. Ауылдың өнерлі де шебер қыз-келіншектері өздерінің икемі мен талғамын танытып, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Бұл сайыстар ұлттық дәстүр мен отбасы құндылықтарын дәріптеудің жарқын үлгісі болды.

Әз-Наурыз – тек мереке ғана емес, ауыл тұрғындарының бірлігін бекемдеп, ынтымағын арттырған, ұрпақ санасына ұлттық құндылықтарды сіңірген мазмұнды шара болды. Осындай игі бастамалар елдің еңсесін көтеріп, болашаққа деген сенімді нығайта түсері анық.

«Өз тілшімізден»



ҰЛТТЫҚ РУХ

Салтанатты жиында аудан әкімі сөз алып, барша тұрғындарды Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады. Ол өз сөзінде Наурыз мейрамының ел бірлігін нығайтып, ұлттың рухани жаңғыруына серпін беретін маңызды мереке екенін атап өтті. Сондай-ақ, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып жүрген азаматтарға алғысын білдіріп, әр шаңыраққа амандық, береке мен бақдәулет тіледі. Әкімнің жүрекжарды лебізі жиналған жұртшылықтың ыстық ықыласына бөленді.

Мерекелік бағдарламаның тағы бір жарқын көрінісі – ұлттық спорт ойындары болды. Алаңның бір шетінде қазақ күресі, арқан тарту, асық ату, қол күрес сияқты дәстүрлі ойындар ұйымдастырылып, қатысушылар өз бақтарын сынады. Жігіттердің күш пен ептілікті қатар қажет ететін сайыстардағы тартысты бәсекесі көрермендерге ерекше қызық сыйлады. Ал балалар мен жасөспірімдер де түрлі ойындарға қатысып, мерекенің сәнін келтірді. Алаңға тігілген киіз үйлерде қонақтарға кең дастарқан жайылып, ұлттық тағамдар ұсынылды. Әсіресе, Наурыздың басты асы – наурызкөже молынан таратылып, көпшілікке ұсынылды. Сонымен қатар, палау, бауырсақ, қазы-қарта сынды дәстүрлі дәмдерден дәм татқан тұрғындар ақжарма тілектерін айтып, бір-біріне ізгі ниеттерін білдірді. Мекеме мен кәсіпорын қызметкерлері де бұл игі іске белсене атсалысып, халыққа тағамдар үлестіріп, мерекенің берекесін арттыра түсті.

Ұлыстың ұлы күні – тек ойын-сауық емес, ол – татулық пен достықтың, өзара құрмет пен сыйластықтың мерекесі. Бұл күні үлкендерден бата алынып, өкпе-наз кешіріліп, ағайын-туыс бір-бірімен қауышады. Аудан тұрғындары да бұл игі дәстүрді жалғастырып, бір-біріне ақ тілектерін жаудырып, ізгі ниеттерін білдірді.

Күн шуағына бөленген мерекелік алаңда шат күлкі мен қуанышқа толы көңіл күй ерекше сезілді. Әр адамның жүзінен қуаныш пен ризашылықтың лебі аңғарылды. Бұл –

Береке мен бірліктің бастауы




Наурыздың адамдарды жақындастырып, жүректерді жылытатын ерекше қасиетінің айқын көрінісі. Наурыз мерекесінің жалғасы ретінде «Ат шабар» алаңында өткен «Тай жарыс» және «Құнан бәйге» жарысы жанкүйерлердің делебесін қыздырды. Командалық «Көкпар» сайысы айшықты мерекенің шырайын аша түсті. Жарыс

нәтижесінде торғайлық көкпаршылар 1 орынды жеңіп алды. 2 орынды Сужарған ауылы иеленді. 3 және 4 орынды Шеген ауылы мен Көкалат ауылы місе тұтты.

Жалпы, аудан көлемінде аталып өткен өз-Наурыз мейрамы жоғары деңгейде ұйымдастырылып, халықтың көңілінен шықты. Ұлттық құндылықтар дәріптеліп,

салт-дәстүріміз жаңғырып, жас ұрпаққа өнеге болды. Осындай игі шаралар ел бірлігін нығайтып, рухани байлығымызды арттыра түсетіні сөзсіз.

Байбатыр АХМЕТБЕК



Торғай тынысы

Бас редактор –
Байбатыр АХМЕТБЕК

Директор –
Аягөз Фазылбекқызы
Тел: 8 7081205332

Торғай ауылы,
Ы.Алтынсарин көшесі, 4

Газетке Қазақстан
Республикасы Мәдениет,
ақпарат және қоғамдық келісім
министрлігінен 2025 жылғы
29 қазанда тіркеліп,
№КЗ83VPY00132880 куәлігі
берілді.

«Полиграфия Костанай» ЖШС
баспаханасы.

Мекен-жайы: Костанай қаласы,
С.Мауленов көшесі, 16.
Тел: 28-02-92.

А – ақылы жарияланым.
Газеттің басылу сапасына баспахана жауап
береді.
Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция
көзқарасымен сәйкес келе бермейді.

Жарнама, хабарландыру,
ақылы материалдардың мазмұны мен
мәтініне берушілердің өздері жауапты. Газетке
берген материалдың түп нұсқалары,
суреттер қайтарылмайды. Редакция
оқырман хаттарына жауап бермейді

Газет апта сайын шығады.
Офсеттік басылым.
Индекс: 54941
Таралымы: 1010
Тапсырыс: 406